

ЖАРКЕНТ

№16 (60),
17 қыркүйек,
жұма, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

«БАТЫР ЖОҚ ӘТІКЕЙДЕЙ ӘРУАҚ ШАЛҒАН...»



Әтікей батыр жайында әкем Батырғалидан естігендерім

Әтікей батырдың руы Суан. Оның ішінде Сатай-Қойке-Құдабай-Бурабай-Қазақбай-Әтікей, Әти. Әтікейден Ыбырайым, Биғаш деген екі ұл болған. Екеуі де шешек ауруынан жастай қайтыс болған. Әтікейдің інісі Әтиден Қамзабек, Қасен, Мәжит деген үш ұл туған. Қазақбайдың баласы Әтікей батыр бала кезінде аталас туысы – менің атам Байнөсердің қолында болыпты. Әтікей Байнөсердің екінші ұлы Отарбекпен құрдас екен.

Күздің бір суық күнінде қозы бағып, мұздап келген Әтікейге жылы үйден шыққан Отарбек «Күресесің бе?», – депті. Екеуі күресе кетеді. Байнөсер атам сыртта мал келген кезде биіктеу жалпақ тасқа төселген киіз үстінде өрістен келген

малды бақылап отырады екен. Екеуінің күресіне көз қырын салып отырады. Осы кезде Отарбектен жығылып қалған Әтікей отыра қалып: «Әкеңнің аузы... Қазақбай-ай, сен Байнөсер атам сияқты бай болсаң, мен мұздап келіп Отарбектен жығылып қалмас едім», – деп жылап жіберіпті. Мұны естіген бабамыз сол күні Қазақбайды шақыртып, Әтікейдің астына торы төбел құнан мінгізіп, «Енді Әтікейді кісі есігіне жіберуші болма!», – деп тапсырыпты. Ерге қарай ат бітеді демекші, сол торы төбел құнан, жүйрік ат болады. Әтікейдің айналасына құдайберді Нұржекей, алдияр Жанпейіс, Есімбек сияқты еті тірі, жігерлі жастар топтасады. Қазаққа өктемдік көрсеткен қытай, орыс байларының малын алып,

еліне таратып беріп отырады. Әтікей Қытай мен Ресейдің отаршылық саясатына осылай қарсылық көрсетіп, оларға қарсы күрестер ұйымдастырады. Елі-жұрты құрметтеп, «Әтікей батыр» деп құрметпен атайды. Тікелей жеңіске жетпесе де, Қытай шеріктері мен Ресей әскерлерінің Әтікей десе зәре-құттары қалмай қорқатын еді дейді көне көз қариялар.

Бірде Әтікей Байнөсер атама келіп, «Ата, маған Отарбекті қосып беріңіз, Сатай Тұрдыны өлтірген қытайдағы сібе Мыңамбыдан кек алып қайтамыз», – дейді. Сөйтіп Отарбек Әтікей тобымен бірге кетеді.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМА – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Тәуелсіз дербес ел атанған қазақ елінің 30 жылғы жемісі тәуелсіз мемлекетіміздің және оның азаматтарының даму мен кемелденуінің айқын дәлелі. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына әр жыл сайынғы жолдауы кезең кезеңімен жолданып келеді.

Мемлекет басшысының бұл реттегі жаңа жолдауы тұтас елді өз үрейіне тұмшалатқан пандемия кезіндегі елдің дамуын айқындауға бағытталған жаңа жобалар, серпімді істердің айқын көрінісі. Мәдени саласы – ел мәдениетінің дамуы мен өсуін рухани биікке көтеретін алғы фактордың ең бір негізгісі болып табылады. Кітапхана, мұрағат, мұражай – мәдени рухани саланың тарихтың терең тамырынан тұтас хабар беретін рухани орталықтар. Президент 2022 жылдан 2025 жылға дейін мәдениет қызметкерлерінің, мұрағатшылардың, кітапханашылардың жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіруді тапсырды. Бұл жаңалық кітапханашылар үшін жағымды жаңалық, жаңа серпін. Кітапхана – тұтас оқырман қауымның білім жолындағы ізденісін тереңдетуге, ғылым жолындағы бағытына толағай ақпарат беретін кеңейтілген рухани білім ордасы. Осы орайда кітапханашылардың атқарып отырған сүбелі жұмыстарына Президенттің көңіл бөлуі зор құрмет. Мақсатымыз айқын,



Жолдаудың түпкі нәтижесі әрбір Қазақстандықтың әлеуетін арттыруға бағытталған. Еліміздің өркендету жолында аянбай бірлесе еңбек етейік. Ел іргесі тыныш, еңбегіміз табысты болсын!

Гүлдана НҮРҒАЛИҚЫЗЫ,
Үлкеншыған ауылы.

Көкжиек

Биыл қазақ елінің егемен ел болып, тәуелсіздік туын желбіреткеніне, әлемге дербес мемлекет ретінде танылғанына 30 жыл толады. Осы бір толайым жылдардың қазақ еліне тосын тартуы да, салмақ салған саяси жағдайлары да талай кездесті. Еліміз бұл сынақтардан сүрінбей өтіп, халықаралық жағдайларға тәуелсіздік тұғырынан бейтарап көзқараспен баға беріп келеді. Егемен елдің ең үлкен жетістігі деп осыны айтсақ керек.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – ТҰМАРЫМ

Тоқсаныншы жылдардағы экономикалық тоқыраудан аман шығып, ел еңсесін тіктеген екінші жылдар қазақ елі үшін табысты һәм өрлеу кезеңі болғаны анық. Саяси ұстанымы нық, экономикалық реформалары нәтижелі өзгеріс әкелген Орталық Азияның басты ойыншысы – Қазақстанды осы кезеңде әлем таныды, іргелі елдер санаса бастады. Ең бастысы қарапайым халықтың әл-ауқаты артып, қорасы малға тола бастады. Халықтың жағдайының жақсаруы еліміздің көптеген саласына жан бітіріп, экономикамыз әртарапты дами бастады. Дұрыс жүргізілген дипломатиялық дискуссиялардың арқасында қиын кезеңде елімізге инвестиция құйып, мемлекет болашағына сенген шетелдік қаржылық ұйымдар мен іргелі компаниялар да жас мемлекетпен бірге дамып, көркейді. Осылайша Қазақстан өзіндік даму моделі қалыптасқан мықты мемлекет, билік пен халық ортақ тіл табысқан бақытты елдің шаңырағын құра алды.

Тәуелсіздікпен бірге еліміздің өткен тарихын тірілтіп, мыңжылдықтар қатарындағы төл мәдениетімізді тірілтудің мүмкіндігі туды. Орхон-Енисей жазбаларындағы түркілер рухы санамызға сәуле түсіріп, салт-дәстүрімізді ардақтауға, өз жерімізде топырақ басып жатқан жүздеген ежелгі қалаларды қайта қазуға кірістік. Еліміздің мәдени-рухани өмірінің тамырына қан жүгіріп, төл өнерімізді әлемнің үздік сахналарында таныстырдық. Осыған дейін беймәлім елдің зор рухани потенциалы, бесалты мыңжылдық тарихи барын білген әлем жұртшылығы зор ықыласпен қол соқты.

Тәуелсіздік алған кезеңде қазақтың көк байрағын спортшыларымыз сан мәрте желбіретті. Олимпиада, Әлем чемпионаты, Азия біріншілігі сынды әлем елдерінің саңылақтары бас қосқан дүбірлі додаларда жеңіске ұмтылған жерлестеріміздің арқасында талай рет көк туымыз желбіреп, әнұранымыз шырқалды. Бұл да болса тәуелсіз Қазақ елінің спорттық держава екенін әлем алдында паш еткен елеулі оқиғалардың бірі.

Азаттық сыйлаған ең басты құндылық – ол еліміздің шекарасының заңды түрде шегенделуі деп білемін. Қазақстан – көршілес мемлекеттермен даулы территориясы жоқ, дамудың даңғыл жолына түскен алып мемлекет.

Даниал СЕРІК,
Әл-Фараби орта мектебінің
11 сынып оқушысы,
Алматы облысы.

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2022 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазыралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 3400 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін. «Жаркент айнасы» – Жаркенттік рухты жандардың газеті.

Панфилов ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Панфилов ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. «Панфилов ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Панфилов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Ш. Курбановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Панфилов ауданының әкімі

Т. Өмірәлиев

Панфилов ауданы әкімдігінің 2021 жылғы _____ «Панфилов ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы» № _____ қаулысының жобасына келісім

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Панфилов ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Оспанов Берик
Ермекович

« _____ » « _____ » 2021 жыл

Панфилов ауданы әкімдігінің
2021 жылғы _____ № _____
қаулысына қосымша

Панфилов ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Салық салу объектісінің орналасуы	Аймаққа бөлу коэффициенті
Жаркент қаласы		
1	004 (Иванов көшесінен оңтүстікке қарай), 006, 007 (Набережная көшесінен шығысқа қарай, Пушкин көшесінен оңтүстікке қарай), 005 (Иванов көшесінен оңтүстікке қарай), 014 (Илахунов көшесінен батысқа қарай), 015 (Илахунов көшесінен батысқа қарай, Ходжамьяров көшесінен солтүстікке қарай) кадастрлық кварталдары	1,50
2	008 (Шәмиев көшесінен солтүстікке қарай құрылыс жүргізілген аумағы), 004 (Иванов көшесінен солтүстікке қарай), 005 (Иванов көшесінен солтүстікке қарай), 009 (Шәмиев көшесінен солтүстікке қарай құрылыс жүргізілген аумағы), 002, 012, 013, 010 (Шәмиев көшесінен солтүстікке қарай құрылыс жүргізілген аумағы), 007 (Набережная көшесінен батысқа қарай, Пушкин көшесінен солтүстікке қарай) кадастрлық кварталдары	1,40
3	008 (Шәмиев көшесінен оңтүстікке қарай құрылыс жүргізілген аумағы), 009 (Шәмиев көшесінен оңтүстікке қарай құрылыс жүргізілген аумағы), 015 (Илахунов көшесінен шығысқа қарай, Ходжамьяров көшесінен оңтүстікке қарай), 003, 001, 014 (Илахунов көшесінен шығысқа қарай), 010 (Шәмиев көшесінен оңтүстікке қарай құрылыс жүргізілген аумағы) кадастрлық кварталдары	1,30
4	008 (құрылыс жүргізілмеген аумағы), 009 (құрылыс жүргізілмеген аумағы), 010 (құрылыс жүргізілмеген аумағы), 011 кадастрлық кварталдары	1,20
Айдарлы ауылдық округі		
5	Айдарлы ауылы	1,40
6	Дарбазақұм ауылы	1,30
7	Сарпылдақ ауылы	1,30
Басқұншы ауылдық округі		
8	Алмалы ауылы	1,50
9	Басқұншы ауылы	1,40
Бірлік ауылдық округі		
10	Алтыұй ауылы	1,50
11	Надек ауылы	1,40
12	Шежің ауылы	1,40
Жаскент ауылдық округі		
13	Головацкий ауылы	1,50
14	Суптай ауылы	1,40
Көктал ауылдық округі		
15	Ақжазық ауылы	1,40
16	Аққудық ауылы	1,40
17	Көктал ауылы	1,50
Қоңырөлең ауылдық округі		
18	Бөрібай би ауылы	1,30
19	Керімағаш ауылы	1,30
20	Қоңырөлең ауылы	1,50
21	Сарытөбе ауылы	1,30
22	Ынтымақ ауылы	1,30
Пенжім ауылдық округі		
23	Ават ауылы	1,40
24	Қорғас ауылы	1,40
25	Пенжім ауылы	1,50
26	Ынтымақ ауылы	1,40
Сарыбел ауылдық округі		
27	Садыр ауылы	1,40
28	Сарыбел ауылы	1,50
29	Тұрпан ауылы	1,40
Талды ауылдық округі		
30	Еңбекші ауылы	1,40
31	Жерұйық ауылы	1,40
32	Лесновка ауылы	1,50
Үлкенәгаш ауылдық округі		
33	Әулиеағаш ауылы	1,50
34	Жаркент-Арасан ауылы	1,30
35	Көктал-Арасан ауылы	1,30
Үлкеншыған ауылдық округі		
36	Аккент ауылы	1,30
37	Кішішыған ауылы	1,50
38	Қырыққұдық ауылы	1,40
39	Үлкеншыған ауылы	1,50
Үшарал ауылдық округі		
40	Ақарал ауылы	1,30
41	Қызылжиде ауылы	1,30
42	Үшарал ауылы	1,50
Шолақай ауылдық округі		
43	Диканқайрат ауылы	1,40
44	Жиделі ауылы	1,30
45	Шолақай ауылы	1,50

Об утверждении коэффициентов зонирования, учитывающих месторасположение объекта налогообложения в населенных пунктах Панфиловского района

В соответствии с пунктом 6 статьи 529 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)», статьей 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат Панфиловского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить коэффициенты зонирования, учитывающих месторасположение объекта налогообложения в населенных пунктах Панфиловского района, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Государственному учреждению «Отдел экономики и бюджетного планирования Панфиловского района» в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего постановления в Министерстве юстиции Республики Казахстан;

2) размещение настоящего постановления на интернет-ресурсе акимата Панфиловского района после его официального опубликования.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Панфиловского района Курбанова Ш.

4. Настоящее постановление вводится в действие с 1 января 2022 года.

Аким Панфиловского района

Т. Умралиев

Согласование к проекту постановления акимата Панфиловского района от _____ 2021 года № _____ «Об утверждении коэффициентов зонирования, учитывающих месторасположение объекта налогообложения в населенных пунктах Панфиловского района»

«СОГЛАСОВАНО»

Руководитель республиканского государственного учреждения «Управление государственных доходов по Панфиловскому району департамента государственных доходов по Алматинской области комитета государственных доходов министерства финансов Республики Казахстан»

Оспанов Берик
Ермекович

« _____ » « _____ » 2021 год

Приложение к постановлению акимата Панфиловского района от _____ 2021 года № _____

Коэффициенты зонирования, учитывающих месторасположение объекта налогообложения в населенных пунктах Панфиловского района

№	Месторасположение объекта налогообложения	Коэффициент зонирования
Город Жаркент		
1	Кадастровые кварталы 004 (южнее ул.Иванова), 006, 007 (восточнее ул.Набережная, южнее ул.Пушкина), 005 (южнее ул.Иванова), 014 (западнее ул.Илахунова), 015 (западнее ул.Илахунова, севернее ул.Ходжамьярова)	1,50
2	Кадастровые кварталы 008 (застроенная территория севернее ул.Шамиева), 004 (севернее ул.Иванова), 005 (севернее ул.Иванова), 009 (застроенная территория севернее ул.Шамиева), 002, 012, 013, 010 (застроенная территория севернее ул.Шамиева), 007 (западнее ул.Набережная, севернее ул.Пушкина)	1,40
3	Кадастровые кварталы 008 (застроенная территория южнее ул.Шамиева), 009 (застроенная территория южнее ул.Шамиева), 015 (восточнее ул.Илахунова, южнее ул.Ходжамьярова), 003, 001, 014 (восточнее ул.Илахунова), 010 (застроенная территория южнее ул.Шамиева)	1,30
4	Кадастровые кварталы 008 (незастроенная территория), 009 (незастроенная территория), 010 (незастроенная территория), 011	1,20
Айдарлинский сельский округ		
5	Село Айдарлы	1,40
6	Село Дарбазақұм	1,30
7	Село Сарпылдақ	1,30
Басқұнчинский сельский округ		
8	Село Алмалы	1,50
9	Село Басқұншы	1,40
Бірлікский сельский округ		
10	Село Алтыұй	1,50
11	Село Надек	1,40
12	Село Шежің	1,40
Жаскентский сельский округ		
13	Село Головацкий	1,50
14	Село Суптай	1,40
Кокталский сельский округ		
15	Село Ақжазық	1,40
16	Село Аққудық	1,40
17	Село Көктал	1,50
Конуроленский сельский округ		
18	Село Бөрібай би	1,30
19	Село Керімағаш	1,30
20	Село Қоңырөлең	1,50
21	Село Сарытөбе	1,30
22	Село Ынтымақ	1,30
Пиджимский сельский округ		
23	Село Ават	1,40
24	Село Хоргос	1,40
25	Село Пиджим	1,50
26	Село Ынтымақ	1,40
Сарыбельский сельский округ		
27	Село Садыр	1,40
28	Село Сарыбел	1,50
29	Село Тұрпан	1,40
Талдынский сельский округ		
30	Село Еңбекші	1,40
31	Село Жерұйық	1,40
32	Село Лесновка	1,50
Үлкенәгашский сельский округ		
33	Село Әулиеағаш	1,50
34	Село Жаркент-Арасан	1,30
35	Село Көктал-Арасан	1,30
Үлкеншығанский сельский округ		
36	Село Аккент	1,30
37	Село Кішішыған	1,50
38	Село Қырыққұдық	1,40
39	Село Үлкеншыған	1,50
Үшаральский сельский округ		
40	Село Ақарала	1,30
41	Село Қызылжиде	1,30
42	Село Үшарал	1,50
Шолақайский сельский округ		
43	Село Диканқайрат	1,40
44	Село Жиделі	1,30
45	Село Шолақай	1,50

